

## №15 орта мектебі

### Қорғаншылық кеңес отырысының №III хаттамасы

Ақтөбе қаласы

07.06.2023ж

**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы ата-аналар, қоғамдық өкілдер.

#### Күн тәртібінде:

1.9,11 сынып мектеп бітірушілеріне мерекелік іс-шаралар үйымдастыруына қолдау көрсету, үздік оқушыларды марапаттау.

Хабарламашы: директордың оку-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Н.Балғалиев

2.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында қамқорлыққа мұқтаж оқушыларды сыртқы және мектепшілік лагерьмен қамтамасыз ету жұмыстары.

Хабарламашы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Ж.Имандосова

3.«Бала денсаулығы мен өмірі – ата-ана жауапкершілігінде»

Хабарламашы Қамқоршылық кеңестің төрайымы Джамангарина Г

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың оку-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Н.Балғалиев: 2022-2023 оқу жылында 9 кластардың 54 оқушысынан 4 оқушы «үздікке» аяқтап отыр. Үздік аттестатқа үміткер оқушылар саны 4, олар: Оспанова М., Кушербаева М., Қобланды А., Мәулімжанұлы Р.

11 кластагы оқушы саны - 47. Білім сапасы – 57,4%. II тоқсанымен салыстырғанда +6,4 пайызға жоғары. 11 класс бойынша “Алтын белгіге” үміткер оқушы саны 9. Олар: Мәулімжанқызы Ақерке, Санабекова Райхан Асланбекқызы, Байғожина Айгерим Болатбекқызы, Жанқожа Данагүл Мұратқызы, Серікқызы Алтынай, Қамбар Алуа Қанатқызы, Абдықаппарова Айгүл Тасболатқызы, Амандаuletова Аяулым Кайратовна, Таужанова Дильназ Сериковна. Бұл оқушылардың барлығы III тоқсан бойынша өте жақсыға бағаланып отыр. Үздік аттестатқа үміткер оқушылар саны 1. Ол: Тлепбаева Дильназ Оралбековна. Мектебіміздің үздікке оқыған 90 оқушымыз 90 мақтау қағазымен марапатталды.

Екінші мәселе бойынша, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Ж.Имандосова: Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылдың 04 мамырдағы «2023 жылдың жазғы кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен айналысуын үйымдастыруын үйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» №115 Қаулысы және Ақтөбе қалалық білім бөлімінің 2023 жылғы 04 мамырдағы «2023 жылғы жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын үйымдастыру туралы» №161 бұйрығы негізінде 2023 жылдың жазғы мезгілінде мектебімізде оқушылардың бос уақытын, жазғы демалысын мазмұнды да тиімді өткізу үшін, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектеп жанындағы лагерь жұмысын үйымдастырып жатырмыз. Мектепте маусым бойынша 1-6 класс оқушыларынан әр маусымда 20 баладан, барлығы 40 оқушыға 2 маусымдық «Балдәурен» мектеп жанындағы лагерь жұмысы үйымдастырылып, әр маусымға топ жетекшілері төмендегі бастауыш клас мұғалімдерінен бекітілді:

I маусым – 19 маусым мен 30 маусым аралығы.

Топ тәрбиешілері Василиева А.М, Айтжанова Р.Б

Лагерь басшысы Смадиллаева Г.С

II маусым –03 шілде мен 14 шілде аралығы.

Топ тәрбиешілері Сенгалиева Б.Т, Дүйсен Г

Лагерь басшысы Имандосова Р.Ж

Балалардың өмір қауіпсіздігіне жауапкершілік тікелей топ лагерь басшысы мен тәрбиешілерге міндеттеледі. Мектеп жанындағы лагерь жұмысының іс-шаралар жоспары әзірленіп, лагерьге қатысатын оқушылар тізімі жасақталды.

Мектепте тәмендегі маусым бойынша 1-4 класс оқушыларынан әр маусымда 20 баладан, 3 айда барлығы 120 оқушыны қамтитын 6 маусымдық «Балдырган» балалар ойын алаңы ұйымдастырылып, әр маусымға топ жетекшілері бастауыш класс мұғалімдерінен бекітілсін:

I маусым – 01 маусым мен 16 маусым аралығы. Топ жетекшісі Нұрқасынова С.М

II маусым –19 маусым мен 30 маусым аралығы. Топ жетекшісі Куанышбекова Н.

III маусым – 03 шілде мен 14 шілде аралығы. Топ жетекшісі Шалгинбаева Н.Т

Адильжанова А

IV маусым – 17 шілде мен 28 шілде аралығы. Топ жетекшісі Танашева Ж.Б

Оспанова А.Ә

V маусым – 31 шілде мен 11 тамыз аралығы. Топ жетекшісі Мамбетниязова Д.К.

VI маусым – 14 тамыз бер 25 тамыз аралығы. Топ жетекшісі Самиянова А.Е

Балалардың өмір қауіпсіздігіне жауапкершілік тікелей топ жетекшілеріне міндеттеледі.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төраймы Г.Джамангарина сөз алды. Құрметті ата-аналар! Сіздер білесіздер ме? Барлық құқықбұзуышылдықтың 55%-дан астамы жазғы каникул кезінде жасөспірімдермен жасалады. Жасөспірімдердің қайғылы оқигаға ұшырауы да негізінен жазғы каникул кездерінде болады. Сондықтан, жазғы каникул кезінде балалардың қауіпсіздігі мен қамтылуын қамтамасыз ету аса маңызды.

- «Баламен бірге жазғы демалыста» Жаз - жылдың керемет мезгілі. Отбасылық демалыс – бұл өз балаңызға ең көп уақыт бөлөтін кезініз. Бұл көптен күткен ерекше оқиғаны Сіздің балаңыз жыл бойы аңсап келді.
- Жазда балалардың жазғы лагерге шығуна, туыстарға баруға, өзенге шомылып, орманда қыдыруға тамаша мүмкіндіктер туады.
- Шақырайған күннің көзі, суық су, жәндіктер, тез бұзылатын тағамдар сияқты әр түрлі қауіп-кательлер де жоқ емес.
- Балалар үшін жазда қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ен алдымен - ата-ананың міндеті. Егер сіз жазда демалысқа жіберетін болсаңыз – онымен суда, күн кезінде, жолда, орманда, тауда жүрудің ережелері туралы әңгімелескеніз жөн.
- Демалыс сізге және балаңызға тек қуаныш әкелуі үшін бірнеше ережелерді сактау керек:
- Егер сіз балаңызben айналысуға шешім қабылдасаңыз, есінізде болсын, бұл іс-әрекеттеріңіз қысқа болуы тиіс, әрі оларды таңғы уақытта өткізген абыз. Сіздің міндетіңіз балаңыздың білімі мен өз тәжірибелізден ұштастыра отырып, оның таным көкжиегін кеңейту.
- Балаңызды теледидар мен компьютерден алшақ ұстауға бар күшінізді салыныз, барлық бос уақыттарыңызды таза ауада өткізіңіздер, велосипед, самокат, роликтер тебініздер, футбол ойнаныздар. Жаз – бұл бала

денсаулығын нығайтудың жолы және оның келесі оку жылындағы денсаулығы жазда қалай демалуына байланысты болады.

- Күн тәртібін сақтауға тырысының, әйтпесе қыркүйекте оған қайтып келу қынға түседі. Ұйқының қанбауы невrozды дамытады, шаршау жиілдейді. Баланың ұйқысы күніне 10 сағаттан кем болмауы тиіс.
- Жолдағы қауіпсіздік – бұл ата-аналар немесе қамқоршылардан үлкен жауапкершілікті талап ететін міндет, бұл қауіпсіздікті елеусіз қалдыруға болмайды.
- Әрбір баланың өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету барлығымыздың, оның ішінде ата-ана – Сіздің де басты міндеттің болып табылады.
- Баланыздың бойында жолда, көшеде тәртіпті, ұқыпты, сақ және байқампаз болуға деген қажеттілікті тәрбиелеуге тырысының.
- Балаға жаяулар үшін де, көлік жүргізушилері үшін де ережелер бар екендігін үнемі ескертіп отырының.
- Балаға көшеде қараумен бірге көшеде естуді де үйретіңіз: баланың жақындал қалған көлікті естімеуінен болған қайғылы оқиғалар көп болғанын есінізде ұстаңыз.
- Балаға қарауды үйретіңіз. Балада қатаң дағды қалыптасуы тиіс: жаяу жүргіншілер жолынан шығар алдында алға қадам жасамас бұрын басын онға, солға бұрып жан-жағын, жолдың барлық бағыттарын қарайды. Бұл балада автоматизмге дейін үйретілген болуы тиіс.
- Сіздің баланыздың үйде және көшедегі қауіпсіздік ережелерін есте сактаңыздар. Күн сайын баланызға қайталап айтып отырының.
- Өз үйінен, ауласына алыстанап кетпесін.
- Көшедегі бейтаныс адамдардың қолынан ештеңе алмасын. Бірден бөлектеу кетіп қалсын. Танымайтын адамдарға есік ашпасын.
- Ата-ана баласына мектепке, көшеге, дүкенге барада үнемі мынаны ескеріп отыруы керек:
- Таныс емес, бөтен адаммен сөйлеспе;
- Мас және қауіпті адамнан алыс жүр;
- Бөтен адаммен подъезге, подвалға, лифтіге **кірме**;
- **Сені** артынан куса, көп **адамдар арасына** жүгір.

**Жалпы ата-ана** баласының қайда және **кіммен** ойнап жүргенін **білуі** керек.  
**Мектепке кешікпей баруын**, үйге уақытысында **келуін** қадағалағаны **абзал**

**Құрметті ата-ана**, балаларынызды жолда қараусыз қалдырмаңыз, жолда жүру ережесін сақтауда балаларынызға үлгі болыңыздар. **Егеменді** еліміздің **болашағы** – **балалар**. Сондықтан бала өмірінің қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамайық деп өз сөзін аяқтады.

#### **Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай және талқылай келе қаулы етеді:**

- 1.9,11 сынып мектеп бітірушілеріне мерекелік іс-шаралар ұйымдастыруына қолдау көрсету, үздік оқушыларды марапаттау жұмыстары жалғасын тапсын.
2. мектеп жанындағы лагерь мен ойын алаң жұмыстары жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.
- 3.Балалардың өмір қауіпсіздігіне жауапкершілік тікелей топ лагерь басшысы мен тәрбиешілерге міндеттелсін.
- 4.Бала өмірінің қауіпсіздігі сынып жетекшілері мен ата-аналар тарапынан қатаң назарға алынсын.

5.Ата-аналар тарапынан жазғы демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсіздігі ескерілсін.

Кеңес төрайымы :  Г.Джамангарина


Хатшы:  К.Қанатова

Кеңес мүшелері:

 К. Кенжегалиева

 У.Оразымбетов

 Р.Байлиева

 М.Исламгалиева

 А.Тоқсанбаева

 К.Мешелов

 Д.Тулеуова